**Қытай Халық Республикасы мемлекеттік Кеңесінің Премьері Чжу Жұнцзидің Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 12-13 қыркүйектегі ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 қыркүйек N 1164

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Чжу Жұнцзидің ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде нақты шаралар қ а б ы л д а с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2001 жылға

арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Чжу Жұнцзидің ресми сапарын өткізуге қаражат бөлсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 7 қыркүйектегі
N 1164 қаулысымен
бекітілген

Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Чжу Жұнцзидің

ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі
протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының
жоспары

| Р/с N | №Іс-шара | Орындалу мерзімі | Іс-шараға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Чжу Жұнцзидің ресми сапарын өткізу бағдарламасын дайындау | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | Делегация құрамын келісу | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | ҚХР Мемлекеттік Кеңесі Премьерінің ресми сапарын өткізу жөніндегі шығыстар сметасын дайындау | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен жұмысты ұйымдастыру | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 5 | Ресми делегацияны және бірге жүретін адамдарды әуежайда күтіп алу және шығарып салуды ұйымдастыру | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| 6 | Арнаулы ұшақтардың тұрағын, оларға қызмет көрсетілуін және | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жанар-жағар май құюды қамтама. сыз ету | | лар министрлігі |
| 7 | Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін, делегацияның жүру бағыттары бойынша және баратын орындарын (бағдарлама бойынша) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жалауларымен, қазақ, орыс және қытай тілде. рінде сәлемдеме транспарант. тарымен безендіру | 2001 жылдың қыркүйегі | Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 8 | Делегацияға көліктік қызмет көрсету | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 9 | Жүру бағыттары бойынша ІІМ Жол полициясы басқармасының машиналарымен еріп жүру | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 10 | Күзетке алынған адамдар мен делегацияның әуежайда, жүру бағыттары бойынша, іс-шаралар. ды өткізетін және тұратын орындарда (бағдарлама бойынша) қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 11 | Ресми делегацияның мүшелері мен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Астана қаласының және Алматы қаласының әуежайларындағы VIP залдарды дайындау және шәй дастарханын ұйымдастыру | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Астана және Алматы қалаларының әкімдері |
| 13 | Делегация басшысы мен мүшелерінің Астана қаласындағы "Окан Интерконтиненталь-Астана" және Алматы қаласындағы "Реджент-Анкара" қонақ үйле. рінде орналасуын ұйымдастыру | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) |
| 14 | Делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар, сондай-ақ, бағдарлама мен басқа да баспа өнімдерін әзірлеу | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 15 | Аударманы қамтамасыз ету | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 16 | ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьерімен әңгімелесуге Қазақстан Республикасының Президентіне тезистер дайындау | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 17 | ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьерімен әңгімелесуге Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне тезистер дайындау | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 18 | Қол қоюға көзделіп отырған құжаттарды дайындау | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі |
| 19 | Қазақстан Республикасы Премьер Министрінің ҚХР Үкімет басшысының құрметіне арналған қабылдауында сөйлейтін сөзінің жобасын дайындау | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 20 | Құжаттарға қол қоюға рәсімін қамтамасыз ету | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі |
| 21 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан ресми түстік ас беруді ұйымдастыру | 2001 жылдың қыркүйегі | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) |

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК